

## **ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН ЖАҢА ҚАЗАҚ ЖАЗУЫ**

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында 2025 жылға қарай латын әліпбиі қолданысқа енетіндігін, ісқағаздары, оқу құралдары, мерзімді баспасөз де латын қарыптерімен шығарыла бастайтындығын жеткізді. Латын әліпбиіне көшу қазақ тілін қазіргі заманғы технологияларға бейімдеп қана қоймай, болашақта ақпараттық қолжетімділіктерімізді арттырып, кеңістігімізді ұлғайтып, көкжиегіміздің кеңеюіне жол ашады.

Латын әрпіне көшу – түбі бір, тарихы ортақ түркі халықтарымен жақындастыра түсетіні де маңызды факторлардың бірі. Олармен бірлесе отырып, гуманитарлық ғылыми зерттеулерді жаңа сатыға көтеруге мүмкіндіктеріміз көбейеді. Жақында Қырғызстанда Түркі кеңесінің өткен VІ саммиті интеграция аясы кеңейіп келе жатқанын айғақтады.

Биыл ақпан айында латыннегізді жаңа қазақ әліпбиі бекітілген болатын. Онда ұлттық дыбыстар *ақут* деген диакритикалық таңба арқылы берілген. Диакритикалық таңбалар латын әріптерінің негізгі дыбыстық мағынасын өзгертуге, нақтылауға арналған. Енді жаңа мақсат қойылды: осы жаңа әліпбиді практикаға, күнделікті өмірге кезең-кезеңмен енгізу.

Ұлттық комиссияның жанында 4 топ құрылған болатын. Бірінші – орфографиялық топ. Бұнда орфографиялық және орфоэпиялық ережелер жасалады. Екінші – терминологиялық топ – бұнда қазақ тілінің терминологиялық қоры латын графикасында жүйеленеді. Үшінші – әдістемелік топ. Бұнда латын графикасын үйрету әдістері жасалады және оны білім жүйесіне енгізу жолдары қарастырылады. Төртінші топ – IT-технология тобы, технологияны латиницаға бейімдеу, бағдарламалар жасау. Әр топқа белгілі ғалымдар мен мамандар тартылған. Тіл білімі институттың мамандары бұл топтарда бар. Қазіргі кезде орфографиялық концепция жасалды. Енді латыннегізді емле-ережесі жасалып жатыр. Оны жасау үшін жазу теориясын жақсы білу керек және орфографияның ғылыми негізінен хабардар болу керек.

Орфография үш принципке негізделеді: дәстүрлі-тарихи, фонетикалық және фонематикалық. Дәстүрлі-тарихи принцип еуропа тілдерінде қолданылады: француз және ағылшын тілдерінде. Олардың жазуы ерте қалыптасқан және ғасырлар бойы өзгермеген. Ал олардың фонетикалық жүйесі өсіп дамыған. Сондықтан әріп пен дыбыс бір-біріне сәйкес келмейді. Жазу мен дыбысталуының арасында үлкен айырмашылық бар. Оларды жақындату үшін транскрипция пайдаланады.

*Фонетикалық* принцип белорус, серб тілдерінде қолданылады. Фонетикалық принцип бойынша, қалай айтылады, естіледі – солай жазылады. Бірақ адамдар әртүрлі естиді, айтады, бұл адамның артикуляторлық аппаратына және есту қабілетіне байланысты. Мысалы, кәрістер **р** мен **л**-дың айырмашылығын аңғармайды. Арабтар **о** мен **у**-дің айырмашылығын сезбиді. Ал француздар қазақ тіліндегі *керек* деген сөздегі **е**-ні екі фонема деп қабылдайды. Сондықтан жазуда кейбір қателер кездесуі мүмкін.

*Фонематикалық (морфологиялық)* принцип орыс тілінде қолданылады. Фонема немесе морфема дыбысталуына қарамастан, барлық түбірлік сөздер мен олардың пішіндерінде өзгермейді: дыбыссыз немесе дауысты үнсіздік, дауысты дыбыстарды азайту, сөздерді ассимиляциялау және басқа фонетикалық өзгерістер.

Қазақ тілінде жазу принциптерінің үшеуі де қолданылады, бірақ – фонематикалық принцип басым. Жазу фонемаға негізделген, ал фонема графемаға сәйкес келеді. Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіруде біраз даулы проблемалар бар. Мысалы, интерсөздерді төл дыбыстар арқылы қалай таңбалаймыз? Қазақ тілінің төл дыбыстарына **в, ф, х, и, у** жатпайды. Бірақ қазіргі кезде осы дыбыстар қазақ тілінде жиі қолданады. Көршілес елдермен рухани, мәдени, тарихи байланыстар нәтижесінде аталмыш дыбыстар тілімізге кірме сөздер арқылы енді. Қазақ тіліндегі интерсөздердің қолданылуы жаңа затқа, жаңа ұғымға, жаңа құбылысқа байланысты. Қоғам өмірінің түрлі салаларын қамтитын жүздеген атаулар келді. Қазақ тіл білімінде терминдерді қалыптастыру, қазақ тілінің фонологиялық заңдылықтарына икемдеу, ана тілінің дыбыстық заңдылықтарын сақтау деген ұстаным бар екені белгілі. Интерсөздерді латын графикасымен таңбалауда осы қағидаларды мейлінше сақтау керек. Мысалы, қазіргі таңда біз *Ресей, Еуропа, тауар, үстел, жәрменке, кәмпит, бәтеңке, резеңке* деп кірме сөздерді қазақ тіліне икемдеп айтамыз да, жазамызда. Бірақ бұл сөздердің көбісі бұрыннан қалыптасқан. Ал кейбір кірме сөздерді игеріп, қазақ тіліне икемделі «сындырып» айту мен жазу оңайға түспейді. Осыған орай соңғы кезде латынға көшумен байланысты кірме сөздерді таңбалауда бірнеше көз қарас бар.

Кейбір ғалымдар кірме сөздер арқылы келген кірме дыбыстарды мүлде таңбалағысы келмейді. Олар ана тілімізге бөтен, жат, сондықтан ол сөздерді тек төл дыбыстар арқылы жазамыз дейді. Сонда *филологияны – пйіләлөгүйе, биологияны – бййәлөгүйе, автор – аптыр, академик – әкәдемйк, университет – үунййверсййтет*, латын графикасымен: *piilalogue, biialogue, aptyr, akademik, uuniversity* т.б. Мұндай жазу мен айту көпшілікке ұнамайды, сауатсыз адамның сөзі сияқты көрінеді және сөздер ұзын, ұғуға өте қолайсыз болып тұр. Сондықтан мұндай жазуды жас және орташа ұрпақ, әрине, қолдамайды. Бұл *фонетикалық жазу* (қалай айтамыз, солай жазамыз) пуристік ағымына сәйкес келеді.

Фонематикалық принцип бойынша, жазуы мен айтылуы үнемі сәйкес келмейді, мысалы: *bashy* (басшы) деп жазамыз *bashshy* (башшы) деп айтамыз, *qobyzshy* (қобызшы) деп жазамыз *qobyshshy* (қобышшы) деп айтамыз, *aitshy* (айтшы) деп жазамыз *aitchy* (айтчы) деп айтамыз, *aitsa* (айтса) деп жазамыз *aittsa* (айтца) деп айтамыз, *ketse* (кетсе) деп жазамыз *kettse* (кетце) деп айтамыз, *ketshi* (кетші) деп жазамыз *ketchi* (кетчі) деп айтамыз т.б. Бұл дауыссыз фонемаларға мысалдар.

Дауысты фонемаларға мысалдар: *óleń* (өлең) деп жазамыз *ólóń* (өлең) деп айтамыз, *jurek* (жүрек) деп жазамыз *jurók* (жүрөк) деп айтамыз, *eshki* (ешкі) деп жазамыз, *ieshki* (йешкі) деп айтамыз, *otan* (отан) деп жазамыз *yotan* (yotan) деп айтамыз, *ómir* (өмір) деп жазамыз *yómir* (уөмір) деп айтамыз.

Қазақ тілінің фонетикалық жүйесінде **ф, в** фонемалары жоқ, олар **п, б** фонемаларының вариациялары ретіндегі физикалық дыбыс болғандықтан тілдің айтылуында кездеседі. Кірме дыбыстар жиі қолданыста болғандықтан қазақ тілінің фонетикалық заңдылықтарға бағынып, адамдардың артикуляторлық аппаратына икемделген. Бұл фонемалар жаңа қазақ әліпбиінде **ғ** және **р** әріптерімен таңбаланады.

Фонемалардың пайда болуы тіл мен ойдың дамуымен байланысты. Әр тілдің фонетикалық жүйесі даму үстінде, оған сыртқы және ішкі фактілер әсер етеді. Жаңа фонемалар жаңа ұғымымен, жаңа терминологиямен толығырақ және көршілес мәдениеттің және өркениеттің ықпалымен байиды. Ішкі фактілер – ол тілдің өзіндік заңдылықтары – фонологизация, дивергенция процестері. Оның нәтижесінде бір фонемадан екі – үш фонема пайда болады. Дыбыстардың фонема деңгейінде жұмсалуды, яғни фонологизациялануы тілдің жалғамалық (агглютинативтік) құрылысымен, үндестік заңымен (сингармонизм) тығыз байланысты.

Қазіргі кезде дау тудырып жүрген **и** мен **у** кірме әріп-дыбыстар. Бұл дифтонгоид дыбыстар **ый, ій, ұу, үуды**быс тіркестерінен тұрады. Кирил әліпбиіне көшкенде аталмыш дифтонгоид дыбыстар әріптерді үнемдеу принципіне сәйкес оларды **и** мен **у** таңбаларымен белгілейтін болды. Қазақ тілінде үнемдеу жазуды алғаш рет ұсынған қазақ тіл білімінің қабырғасын қалаушы Ахмет Байтұрсынов еді. Өзінің төте жазуында ғалым қазақ тілінің дыбыстарын шектеулі ғана әріптерімен белгілеген.

Тіл иелері бұл дыбыстарды дифтонгоид фонема ретінде қабылдайды, ал жазуда олар бір әріппен белгіленіп, адамның санасына еніп, фонологизация құбылысына бағынған. Осыған байланысты бірнеше қағидаларды ескеру керек. Біріншіден, орфография өзінің құрамындағы әріптердің молдығымен емес, ықшамдығымен бағаланады. Сондықтан дыбыс тіркестерін кейде бір ғана әріппен таңбалауға болады.

Сөздердің құрамында **и** мен **у** дифтонгоид дыбыстар болғанда біз ойланбай-ақ *igilik*, (игілік), *inelik* (инелік), *inabat* (инабат), *miras* (мирас), *álipbi* (әліпби), *tarihi* (тарихи), *týgan* (туған), *jazy* (жазу), *kely* (келу), *barý* (бару), *instityt* (институт), *ýniversitet* (университет), *kino* (кино), *magistratýra* (магистратура), *aspirantýra* (аспирантура), *fakýltet* (факултет), деп жазамыз,

транскрипцияда олар былай жазылады *iugilik*, (ійгілік), *inelik* (ійнелік), *inabat* (ыйнабат), *myiras* (мыйрас), *alipbiu* (әліпбій), *tarihiu* (тарііхій), *tuýgan* (тұуған), *jaziú* (жазұу), *kelúú* (келуу), *baruú* (барұу), *instituíyt* (ійнстіітүүт), *úniúersitet* (уунііверсіітет), *kimo* (кііно), *magistratuúra* (магіістратұура), *aspirantuúra* (аспіірантұура), *fakuúltet* (факуултет).

Жалпы графика сөйлеу тілінің дыбыстық жағын, оның ерекшеліктерінің барлығын түгелдей қамтып бере алмайды. Оны фонетикалық транскрипция атқара алады. Сөздердің жазылуы мен айтылуының бір-біріне әрқашан сайма-сай келе беруі шарт емес. Тілдердің әрқайсысының жазылуы мен айтылуының арасында айырмашылықтар бола береді. Орфография сөздердің дыбысталуын дәлме-дәл көрсете бермейді, ал орфоэпияның ең негізгі қызметі – сөздің дыбыстық құрамын дәлме-дәл көрсету. Орфография мен орфоэпияның айырмашылығы осында.

Жас және орта ұрпақ дәстүрлі кирил әліпбиінде өсіп қалыптасқандар үнемдеу жазуды қолдайды, ал сексеннен асқан ақсақалдар бұрынғы латын әліпбиін пайдаланғандар транскрипциялық жазуды, яғни дыбыстардың бәрін белгілеуді алға тартады. Сонымен, сауатты жазу мен дұрыс сөйлеу үшін орфография мен орфоэпиядан хабардар болу керек. Осы екі пәнді бірдей оқыту керек.

Қазақ тілінде әліпбиді үнемдеу үшін дауыссыз дыбыстардың жуан-жіңішке айырым белгілері қасында тұрған дауысты дыбыстар арқылы беріледі. *Тан, тән, тыс, тіс* деген сөздерде олардың мағынасы дауыссыздардың қасында тұрған жуан-жіңішке дауыстылар арқылы ажыратылып тұр, демек қазақ тілінде дауыссыз дыбыстарды білдіретін әріптер дауыстылардың ықпалымен жазылады. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты жасаған қазақ орфографиясының концепциясында жіңішкелік белгісімен (**ь**) жазылатын шеттілдік сөздердің емлесінде бұл принцип басшылыққа алынған. Осыған байланысты қазақ емлесінің кейбір ережелерін келтірейік. Мысалы: Жіңішкелік белгісін (**ь**) түсіріп, оның орнына сөз басы мен бірінші буында жіңішке дауыстылар арқылы жіңішкертуге болады, мысалы: *ánsambl-ансамбль, dúbl-дубль, rúbl-рубль, párol-пароль, ásfalt-асфальт, púlt-нульт, ált-альт, ós-ось, vólt-вольт*. Сөз құрамында **e, i** жіңішке дауыстылар бар сөздерде жіңішкелік белгісі түсіріліп жазылады, мысалы: *akvarel-акварель, lager-лагерь, stil-стиль, artíkl-артикуль*. **Аль-** әріп тіркесімен басталатын және сөз ішінде екі дауыссыз дыбыс арасында жіңішкелік белгісі бар сөздерде **ь** түсіріледі, мысалы: *álbátros-альбатрос, álbom-альбом, álmanah-альманах, váls-вальс, bálzam-бальзам, pálma-пальм*. Сөз ортасында дауыссыз бен дауысты дыбыстың арасындағы жіңішкелік белгісінің (**ь**) орнына **i** әрпі жазылады, мысалы: *batalion, medalion, koniak, piesa* т.б.

Сонымен осы күндері қазақ емлесінің негізгі ережелері қоғамға ұсынылып, сараптанып, талқыланып жатыр. Қазақстанның бірқатар өңірлерінде сынама-сауалнама алынуда. Апробацияның нәтижелері мұқият ескеріліп, содан кейін қазақ емлесінің негізгі ережелері мақұлданады.

TBILIKVA